

**'Академик Кенжеғали САҒАДИЕВ:**

# «АУЫЛДАҒЫ РЕФОРМА ЖОРҒАНЫҢ ЖҮРІСІНДЕЙ БОЛУЫ КЕРЕК»

**Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің тұсауқесер рәсімі болды**

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы сәуір айында Қазақ ауылшаруашылық және зоотехникалық-мал дәрігерлік институттарының негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін құрды. Өткен жылдар ішінде осынау білім ордаларында 60 мыңнан астам мамандар даярланыпты. Олардың барлығы дерлік еліміз экономикасының аграрлық секторында қызмет етуде. Жаңа университеттің құрамына 3540 студенті бар Алматы су шаруашылығы, Талғар ауыл шаруашылығы және Талғар ауыл шаруашылығын механикаландыру колледждері кіреді.

Кадрлар 30 мамандық бойынша даярланады. Университетте 12 академик және корреспондент-мүшелер, 86 профессор мен ғылым докторлары, 412 доцент пен ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Қазіргі кезде агробиологиялық, мал дәрігерлік, инженерлік, орман-жәмістік, экономика және бизнес, агрохимиялық топырақтану, агромелиорациялық, оқу ғылыми-өндірістік кешендерінде күндіз және сырттай 9914 студент оқиды. Олардың ішінде Алжир, Египет, Үндістан, Нигерия, Оңтүстік Америка елдерінің жастары бар.

— Кенжеғали Әбенұлы, тұсауқесер рәсімінің университеттің құрылғанына жеті ай өткеннен кейін өтуі қалай?

— Осы мерзім ішінде біз мынау кара шанырақтың әрбір ғимаратын кісі келетіндей етіп қайта жабдықтап, қайта жарактандырып шықтық. Университеттің атына сай заты болса көз қуанышы емес пе. Сенер болсаңыздар, осындағы ректордың қабылдау бөлмесіне деіні терезе-есікті әрлеу жұмыстарын, барлық майда-шүйде тірлікті өз күшімізбен істедік.

— Алдыңғы екі институт та ауыл үшін мамандар дайындады. Екеуінің басын біріктіріп университет құрғанымызда ұтарымыз қайсы?

— Екі институт та 60 жылдық тарихы бар үлкен оқу орындары. Мәселе олардың басын қосу емес, университет дәрежесіне көтеру. Ал мұндай оқу орнына Қазақстан мұқтаж. Кадрларды жана экономикалық қатынастар талаптарына сай тәрбиелеу үшін құрылды университет. Былайша айтқанда, университет мүмкіншілігінің зор екендігін соңғы жеті ай ішінде аңғардық. Кадр даярлау шетелдік озық тәжірибелермен жалғасады. Олармен байланыс орнатамыз деген ниет бар, оның жолдары да көрініп келеді. Ауыл интеллигенциясын, ауыл мамандарын даярлау жана заманға, нарықтық-экономикалық қатынастарға сәйкес жүргізілуі тиіс деп есептейміз.

— Оның алғышарттары қандай болмақ?

— Бұл үшін біз алдымен өзіміздің оқытушылар құрамын елдегі қазіргі реформалық саясат

тұрғысынан қайта әзірлеуді қолға алдық. Демек, ең алдымен мұғалімнің өзі қазіргі аграрлық қайта құрудың мән-жайын түсінуі шарт. Тек ауыл шаруашылығы саясатын жақсы білумен шектелмегеніміз жөн. Оған салық, қаржыландыру, банк істеріндегі барлық түйткілдерді егжей-тегжейлі білмесе болмайды.

Алматыда биыл оқуды үздік бітірген 15 маманды университетімізге тандап шақыртып алдық. Өзім жеңестім, сұхбаттастым, барлық жағдайын жасадық. Олар бір жылдың ішінде шет тілін жетік меңгеріп, одан кейін компьютер бағдарламасын үйреніп, дәріс беретін сабағына сәйкес университеттен тыс оқу орындарында тәжірибе алмаса жүріп шеберлігін шындайды. Содан кейін ауылға барып екі ай тәжірибеден өтеді. Ал келесі жылы жазда немістермен шарт жасасып отырмыз, шет елге барып бір жыл ең жана технологияны — аграрлық менеджмент-экономист кәсібіне сәйкес көрін-біліп қайтады.

— Сіз ауыл туралы көп айтасыз. Айып болмаса, бір сауал, соңғы рет ауылда қашан болдыңыз, оның жалпы қазіргі тышсы-тіршілігі туралы не деуге болады?

— Ауыл үшін маман кадрлар даярлап отырғандықтан ауылдың аузымызға жиі түсетіндігі де сондықтан. Ауылда күнде болмағанмен, жетісіне бір барып тұрамыз. Жағдайы ауыр, күйзелісі бар. Мен ауыл туралы пікірді ешқашан да ішімде бүгіп қалған емеспін. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетінде (1993, 1996 ж.ж.) пікірімді білдіргенім бар. Әу баста экономикалық реформаны,



басқасын қоя тұрып, ауылдан бастау керек еді. Амал қанша, кемшілік кетп. Экономикалық бұл құбылыстарға көрші Ресейдің де ықпалы аз болмағаны рас. Қазір елбасындағы қиыншылықты айта бермей, одан шығудың жолдарын іздестіріміз керек. Бұл орайда үкімет ғарапынан, атап айттайын, бұрынғыдай емес, қазір көмек күші көбіей түсті. Өткен жылы ауыл шаруашылығы үшін тыңайтқыш, тұқым, гербицидпен пестицид сатып алу жағына көмектесті. Өте дұрыс бағыт. Ауыл шаруашылығын дамыту қорлары да құрылып жатыр. Алдағы жылы бюджеттен бөлнетін 18 миллиард тенге де көңілге үлкен медеу.

— Жалпы қазіргі халықты қүйзелткен осынау қиыншылық қашан аяқталады? Елімізге атағы мәшһүр экономист-ғалым ретінде осыған болжау жасап қорыңдасыз?

— Көпке созылады, көпке. Ауыл шаруашылығын бір күнде қоғамдық меншіктен жеке меншікке ауыстыра салуға болмайды ғой. Сондықтан да айтарым, халқыма қуат берсін, тозім керек.

**Талғат СҮЙІНБАЙ,  
«Егемен Қазақстанның»  
тілшісі.**

• **СУРЕТТЕРДЕ:** Мемлекеттік аграрлық университеттің ректоры Кенжеғали САҒАДИЕВ;  
• Агробиологиялық оқу ғылыми-өндірістік кешеннің студенттері сабақ үстінде.

Суреттерді түсірген  
**Шахан СӘБЕК.**

